

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

"Ұлы даланың ұлы тұлғасы - Әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығы "ЖАРИЯЛАНДЫ
13.04.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/71734/>

«Ұлы даланың ұлы тұлғасы — Әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығы »

Ұлылық туралы негіздеме көбіне тарихты тереңінен игеруге итермелейтіні ақиқат. Ұлттық мүддені мұқият ұйымдастырсақ біраз ғұламаларды қазақ даласына «жетелейтінімізде» жалғандық емес. Осы сөзімізге сәйкес түбі бір түркі еліне ортақ ғұлама ғалым Әл- Фараби бабамыздың 1150 жылдық айтулы мерзімін атап өту қазақ халқы үшін де мәртебелі мереке .

Фараби өмір сүрген дәуір терең тарихы, дамыған мәдениеті, озық дәстүрі бар түркі даласына ислам дінінің өрістеп, түркі, араб, парсы өркениетінің өрістеу кезеңін туғызды . Саналы ғұмырын ғылым-білім жолындағы ізденіске арнаған Фарабидің өмірлік ұстанымының қалыптасуына аталмыш факторлардың әсері үлкен болғаны анық. Мұсылман дүниесінің сол дәуірдегі маңызды ғылым мен мәдениетін ұштастырған орталықтары Бағдат, Шам, Мысыр елдеріне сапар шеккен жас Фараби араб, парсы, грек, латын, санскрит тілдерін жетік меңгеріп, сан-салалы ғылымға өзіндік сара жолын салған. Өз дәуірінің атақты ойшыл ғалымдарымен, өнер иелерімен, сөз зергерлерімен сұхбаттас болған Фараби сол кезең ғылымындағы күрмеуі шешілмеген күрделі мәселелерді танып, ізденісін осы арнаға бағыттайды. Философия, логика, психология, этика, математика, астрономия, тіл білімі, эстетика, социология, поэтика салаларына арналған 150-ге жуық трактат қалдырған энциклопедист-ғалымның өз зерттеулерінің үлкен бөлігін Аристотель еңбектерін түсіндіруге арнауы – дәуір сұранысынан туған. Осындай өзгеше бағытқа бет бұрып, ғаламның ғаламат құбылыстарын түгелдей тануға тырысқан ғалымның ғасырлық мұрасын меңгеру өскелең ұрпаққа міндетті іс болып отыр.

Дәрежесі тұрғысынан емес кезеңделу жүйесінде «екінші ұстаз» атанған тұлға тарихында барлық болжамды факторлар құнды деректердің мәні де еселене түспекші.

Ораз Бақтияр Садықұлы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

2-курс магистранты

Тарих-педагогика мамандығы

Ғылыми жетекшісі:

Үдербаева Сәуле Кәрібайқызы,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақстан тарихы кафедрасының доценті

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.